

Қожамбеттің сөзіне қарағанда екі рудың (Атығай, Қарауыл) арасында жылқы дауы болғаны анық. Омбыға он мың теңге шығарсаң да, таңбалы байталдың көзін қайтарып ала алмаған соң, «мына жақтан жылқы алып амалдадың» деп Ақанның намысына тие сөйлейді. Сондай-ақ оның кейбір адамдарға өлең арнауын бұзылғандыққа санайды. Ақанның жауап сөзі:

Ақандай мінінді айтты ақындарың,
Жетпеді жығылуға ақылдарың.
Қарам іске я құдай деп, аттанам деп
Мұқанынан дүре жемген жақындарың.
Өзім сақтап беріп ем сүйегімді,
Ұстай алмай жүн қылдың жібегімді.
Арғы мінді қопарып неге керек
Жібермеспін мен саған өз кегімді. (4,214 б.)

Кемшіліктеріңді мойындауға ақылдарың жетпеді. Харам іске қадам басып, жақындарың дүре жеді, «қарындасым ес көріп барып еді, ұстай алмай жүн қылдың жібегімді» тәрізді әрекеттерді Ақан да кемістік-мін ретінде көрсетеді. Елдің өткен-кеткененінен хабары бар екенін аңғартады. «Жібермей-мін мен саған өз кегімді» деп ойын түйіндейді. Мұндай нақты сынға қандай уәж айтуға болады? Қожамбет өзін көтере, текті жерден шыққанын мақтан ете жауап айтады:

Ақан, сен мен айтайын келдің қайдан,
Бір күнде шығып едік екі дайдан.
Анам арғын Ақжолдың бел баласы
Қалайша мін шығады Атығайдан.
Көп қазбай осы жерден тоқтатайын,
Ел бұзылып кетеді осындайдан.
Ақан, сен сау күнің де болдың көсем,
Көңілің қапа болар жаман десем.
Бұл пері ерте кірген қамалыңа
Өкеңді де жіберген жоқ аман-есен,-

дейді ол. Айтыстың соңы Ақанның жеке басындағы «кемшілікті» сынаумен бітеді. Ақанның жақсы көретін жары (Ұркия) мен інісі қайтыс болады.

Құлагеріне қастандық жасалады. Осындай ауыр қайғыны көтере алмаған Ақан жалғыздыққа бой алдырады. Біресе жанын дін арқылы тазартпақ болса, кейде керісінше ораза, намазын қойып кетеді. Ақанның осы мінезі көп адамға жұмбақ болып көрінеді. «Оны мұсылман перісі иеленген көрінеді-мыс» деген өсек тарайды. «Ақан мен пері күндіз айрылып, түнде қосылатын болады. Жоқ, пері Ақанға Ерейменде иеленген емес екен. Періге иелену Ақанның тұқымында бар екен. Олардың қонысы-Қоскөлдің өзі ежелден перінің мекені екен. Марқұм Қорамсаның өзі перімен айналысқан адам екен.» (329 б.),-деген тәрізді өсек сөздерді кейбір Ақанды көре алмайтын адамдар әдейі таратады. Қожамбеттің Ақанға тағып отырған айыбының бірі-осы. Мұны ескі қазақ ауылындағы қараңғылықтың бір көрінісі деуге болады. Қожамбеттің серіге айтар басқа кінәсі болмаған соң, тілге тиек еткен дақпырт сөзі ғана деп ұққан жөн. Хат түрінде өткен осы айтыстың бір ерекшелдігі қоғамдық-әлеуметтік мәселеге де назар аударылады. Ертеректегі екі рудың арасында болған келеңсіздік (барымта) сыналады. Осы тұрғыдан келгенде бұл жазба айтыстың да өзіндік мәні бар екенін айтқан орынды. Ақан-19 ғасырдың екінші және 20 ғасырдың бас кезіндегі айтыс өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан ақын. Ол бетке-бет отырып суырып салып та айтысқан және хат арқылы жазып та айтысқан. Бұл- ақынның бір қыры.

1. Ш.Ахметов, Б.Ысқақов, М.Байділдаев. Оқушылар есіне. Айтыс. – Алматы, Жазушы. 1965ж.
2. А.Қорамсаұлының шығармалары – Жазушы 1965ж.
3. М.Жармұхамедов Алғы сөз. Айтыс. Алматы 1988ж.
4. М.Әуезов шығармалар: он екі томдық – Алматы, Жазушы, 1969ж.
5. М.Жұмабаев шығармалар – Алматы, Білім, 1996ж.

В этой статье рассматриваются письменные айтысы Акана сери.

This article discusses written aitys Akan Seri.

Т. Б. Қастеева

ӘЙЕЛ СИПАТЫ

Әйел заты тіршілік тірегі, отбасының ұйтқысы екені белгілі. Тіпті адамның адамгершілік тұрпаты, оның ұлықты ұл, қылықты қыз болып қалыптасуы да отбасына байланысты екені анық. Халқымыз «ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтпаған ғой. Бүкіл өмір-тіршіліктің кілті әйел затының қолында десек, артық айтқандық болмайды. Ана алақанының жылылығы сәби үшін ғана емес, орта-ғасырға да үлкен күш-қуат береді. Өмірге құштарлықты арттырып, адамға жігер беретін құдірет – әйел-ананың ықыласы. Бұдан шығатын түйін сол-адам өміріне әйел затының ықпалы зор. Осындай

себептерден болар ілгері-кейінді өткен ақын-жыраулардың көбі-ақ бұл мәселеге назар аударған. Осы ретте Ақан Қорамсаұлы бірнеше өлең жазған. Соның бірі «Жақсы қатын» деп аталады. Ақын алдымен жақсы әйелдің сыртқы сипатына назар аударады.

Ақ жүзді қатын алсаң бойы сұңғақ,
Қасыңа шақырғанда келсе зырлап.
Дауысы әу дегенде әрең шығып
Кеудесі еңкейгенде етсе бұлғақ.
Немесе:
Қара қас, жазық маңдай, қара көзді,
Дауысы жіп-жіңішке жұмсақ сөзді,

Мінезі майға еріткен қорғасындай
Келсең де ерте-кешті бір мінезді. (1, 179б.).

Талғамы биік ақынның талабы да жоғары. Алды мен көңілі толатын жақсы әйелдерге портреттік сипаттама береді. «Ақ жүзді, бойы сұңғақ» не «қара қас, жазық маңдай, қара көз» болуы шарт. Сұлулыққа жаны құштар ақын әйелдің сыртқы бітіміне ақылы сай болуын қалайды. Құлаққа жағымды жұмсақ дауысқа, «майға еріткен қорғасындай мінез» адамға берілген үлкен байлық.

Ерте-кешті келсең де бір қалыптан өзгермейтін мінез көп нәрсені шешеді. Тіпті отбасының бақыты, мызғымас татулығы да әйелдің ақылы мен мінезіне байланысты екені белгілі.

Жүзінің ақ аралас қызыл бетті,
Жаман сөз сөйлемейді, адал жұпты.
Болғанда тісі аппақ, пісте мұрын
Ауызы қалжың сөзге болса епті, -

деп тағы да сұлу әйелдің сын-сымбатын айшықтай түседі. Осы арада айта кетер бір жай, ақын халық әдебиетіне бұрыннан қалыптасып, жиі қолданылатын сипат-белгілерді (ақ жүз, қара қас, жазық маңдай, қара көз, қызыл ыт, аппақ тіс, пісте мұрын т.б.) қолданғанын байқаймыз. «Әйел портретін сурет-бояуы жағынан алғанда адам бейнесінің, өң-түсінің ашықтығы, айшықтылығы назар аударарды. Жарқырап көзге ұратын және бірін-бірі күшейтіп, ашып тұратын, айқын рең- түстерді сипаттайтын ақ, қара, қызыл сияқты эпитеттер әсіресе жиі қолданылады» (2,39б.). Бұл, сөз жоқ, халық әдебиетінің әсері.

Алайда халық әдебиетіндегі дәстүрлі суреттік айшықтау, баламалар қолдану арқылы сұлу әйелдің ажар-көркін әрлендіре суреттейді. «Жаман сөз сөйлемейтін, адал жан» екенін де аңғартады. Жақсы әйелдің тағы қандай сипаты болады екен?

Кетеді түзге барса қырдан асып,
Қосылған ғашық жары көңілі тасып.
Жақсы сөз, жаман сөзді бірдей біліп
Ерінің сөйлемейді көңлін басып.

Тәрбиелі әйел бейнесі көз алдыға келгендей болады. Ақын сұлу әйелдің кескін-кейпін жалаң суреттемейді. Бой сұлулығын ай сұлулығы мен ұштастыра бейнелейді. Жақсы, жаман сөздің парқын біліп, ерінің көңілін баспай сөйлеу инабаттылықтың белгісі. Сондықтан ақын мұндай мінез-қылықты жақсы әйелге тән деп біледі. Немесе:

Аяғын, табағымен қойған жуып,
Сүйрендеп сөз сөйлемес өсек қуып,
Бір сөзді екі сөз ғып еш айтпайды
Көбейсін ұрыс-жанжал қайдан туып, -

деген жолдардағы ақынның айтып отырғаны бір қарағанда ұсақ-түйек нәрсе сияқты көрінуі мүмкін. Шынында олай қарауға болмайды. Өйткені үй-ішінің тазалығы қазан-ошақ, аяқ-табақтың жуылып таза тұруы әйел затының басты міндеттерінің бірі. Тазалық әйелдің ісілігі мен тәрбиесіне де қатысты. Қысқасы, тазалықты тәрбиеден бөліп қарауға болмайды. Адамның денсаулығының, көңіл хошының, өң-шырайының жақсы болуына тазалықтың да айтарлықтай әсері болатыны даусыз. Тіпті тазалығы жоқ үйге қонақ та, көрші-қолаң да келмеуі мүмкін.

Тазалықты сақтау тәрбиелік, мәдениеттіліктің белгісі болып есептеледі.

Жақсы әйелге тән қасиеттің бірі «Сүйрендеп сөз сөйлемес өсек қуып». Сүйрендеп сөз сөйлеу, басқаша айтқанда өсек айту тіршіліктің шырқын бұзуы мүмкін. Бір нәрсенің парқына бармай, көпірте көп сөйлеп өсек-өрбіту біреудің жанын жаралауы, не өзінді ыңғайсыз жағдайға қалдыруы ғажап емес. Сондықтан ақын әйелдің жақсы қылығын жария етеді, көпке үлгі ретінде ұсынады. Осындай әйелдерге көңілі толады, разы болады:

Болмайды киімі де еш уақыт кір,
Құманда дәрет суы жып-жылы тұр.
Сақтанып өсек сөзден бойын бағып,
Сүйрендеп абысынға айтпайды сыр.

Бұл - бойын таза ұстайтын, ұқыпты әйелдің сипаты. Өсек-өтіріктен бойын аулақ ұстап, сыр ашпау кісілікке тән қылық. Мұндай әдеп ерлі-зайыптылардың арасында қанағат сезімін тудырып, бір-біріне деген жақсы ілтипатын арттыра түседі. «Ақын жырлары адамгершіліктің асыл қазынасына барлау жасайды, оның ең қымбаттылары мен қасиеттілерін паш етеді» (3,200б.).¹ Енді бірде:

Кісі жоқ одан бұрын ерте тұрған,
Бүркеніп оң қолына алар құман.

Немесе:
Жат мінез, шайпау сөзі еш болмайды,
Шақ етіп даусы шықпас баланы ұрған.

Ерте-кеш бір ауылдан ері келсе,
Тап-таза үйдің іші сыпырылған. (1,180б.).

Ақан әйелдің сырт сұлулығына ғана қарамайды. Оның мінез-құлық, таным-тағамына да ерекше назар аударарды. Ақылды әйел жат мінез, көрсетіп, шайпау сөз айтпайды. Ер-азаматтың бетінен алып, ащы сөз айтуға бейім тұрған әйелді халық ұнатпаған, көргенсіздікке балаған. Мұндай әйелден бойын аулақ салуды жөн санаған. Ондай әйелдің ұяты аз, кісілігі төмен болады. Ақын жақсы, жаман екі түрлі құбылысты салыстыра суреттеп, адамдарға ғибрат айтады. Қысқасы, үй ұстауы, киім киісі, жүріс-тұрысы жақсы болса, ондай әйел ер адамның да, көптің де көңілінен шықпақ. Бақытты, дұрыс өмір сүрудің қағидаттарын сақтау ата-баба салтының сақталуы деп есептелген.

Ақын өз өлеңінде жақсы әйелді әр қырынан мінездейді. Бар-жоқты білгізбей, еріне адал жүріп серік бола білсе деген ойын орынды жеткізеді.

Еріне адал жүріп болар серік,
Қуанар ғазіз құрбы жүзін көріп.
Білгізбей бар болса да, жоқ болса да,
Ол бір марал-тұрғаны қасын керіп.

Ақын әйел затының бойында үнемі жақсы қасиеттер болуын қалайды. Әйел-ана жақсы болса, сол үйдің түтіні де тұзу ұшпақ. Отбасының жылуды артып, сәні кірмек. Тіпті азаматтың алаңсыз тіршілігінің орнықты болуы да әйелге байланысты екені белгілі. Өйткені, ер адамға жағдай жасайтын от-ана емес пе? Сондықтан Ақан ойын:

Сипаты жақсы қатын айтып бітпес,
Мадақтап жаман қатын ерін күтпес.
Ұнатса аз ба, көп пе тапқаныңды,

Кез келсе кедейшілік ешнәрсе етпес, - деп қорытады.

Әйел затына сұлулық та керек, адамгершілік те бұзылмауы тиіс. Осы екеуі ұштаса, бірлік тапса ғана отбасының бақыты баянды болады. Ерінің тапқанын аз демей де, көп демей де ұқсата білсе және құрметізеті болса ондай ерлі-зайыптылардың кедейшілігі де білінбек емес. Өмірдің ыстық-суығын тең көтеріп, бір-бірінің қас-қабағына қарай білу де адамгершілік екенін естен шығармау керек. Ақынның айтпағы осындай жақсы қасиеттерді жоғалтпауға үндеу. Ақын от басы, ошақ қасындағы күнделікті хам-харекетті айтып отырып-ақ көпке ортақ ой ұсынады.

Ер мен әйел бірлігі қоғамдық тәрбиенің негізін қалайды. Сондықтан халық бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қараған. «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген халықтық қағида да үлкен мән бар. Мұның бәрі саналы ұрпақ өсірудің қамы десек те болады. Пенде болған соң кез келген адамның, соның ішінде әйел затының да жақсы, жаманы болуы мүмкін. Бұл мәселе тек Ақанды ғана толғандырып қоймаған, арыдан арна тартатынын байқауға болады. Жүсіп Баласағұнның (XI ғ.) «Құтты білік» дастанының үйлену туралы тарауында төмендегідей ақыл-кеңес айтылады:

Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы,
Пәк қуатты болсын жанның тұңғығы.
Көркін емес, ізгі құлқын қарарсың
Жақсы болса ерірсің де жанарсың.
Кездестірсең ақылды, ізгі адамды
Ей, ізгі ер, үйлен қойып аланды.
Не:

Құр тоздырып нұрлы жүздің жылуын
Іздей көрме қыздың асқан сұлуын (4,419-421 б.)
Осы жолдар да сұлулығынан гөрі мінез-құлқы

жақсы, ақыл-парасаты мол, текті-затты, кісілікті адамды таңдауды ескертеді. Мұндай адамнан қапы қалма дейді.

Ұлы ақын Абай да бұл тақырып төңірегінде толғанған. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңінде жігіттерге тән кей әрекеттерді санамай келіп:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме.

Немесе:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызды арзан деп құмарланба,
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма (5,28-29б),
- дейді.

Жар таңдаудың шарты – осы. Екі ақынның ойы бір жерден шыққан, тіпті бірін-бірі толықтыра түсетіндей. Абай да әйелдің ажар-көркінен гөрі мінезіне қарауды және ар-ұяты, ақылы бар адамның қызынан ғапыл қалмауды ұсынады. Үй болу, серік таңдау-әлеуметтік мәні бар мәселе. Сондықтан бұл іске жеңіл қарауға болмайды екен.

1. Қорамсаулы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1963ж
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973ж.
3. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму жолдары. – Алматы: Елорда, 2001ж.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік// Ауд. А. Егеубай. – Алматы: Жазушы, 1986ж.
5. Құнанбаев А. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976ж.

В статье рассматриваются лирические стихи Акана Сери, посвященные женщинам.

This article discusses the lyrical poetry Akan Seri devoted to women.

К. А. Құсманова

АЙТЫСТАҒЫ СӨЗ ОРАМДАРЫ ХАЛЫҚТЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ КӨКЖИЕГІН ТАНЫТАДЫ

Ақындар айтысында "жаттама (трафарет) өлеңдер аз болады" (С.Мұқанов). Олар өлеңді табан астында шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Екі ақын да бірін-бірі тығырыққа қамау үшін, бірін-бірі сүріндіру үшін, өмір құбылыстарын жұмбақ етіп те тартады. Соның бәріне ақындар жөпелдемеде жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, ел-елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Олай болмаған күнде құр ділмарлықпен ештеңе өндіре алмайды,

сайыста дәрменсіз болып қала береді. Жаттанды сөз өрнегін қолдану ақынға абырой әпермейді.

Ақындар айтыстың бас кезінде асқақ әуенге басады, өздерінің мойны озық сөз жүйрігі екенін таныта, қарсылас ақынын тұқырта, кеміте, үркіте сөйлейді. Әсет пен Ырысжан айтысында Ырысжан:

Дау айтып күні бұрын көрсетпелік,
Майданда озса жүйрікке есептелік.

Орта жүз түгел білген Ырысжанмын
Үш кессе қауқарым бар кесірткелік, – деп,
Әсетті ықтыра сөз тастайды, ал Әсет оған:

Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ,

Алты арысқа білінген екен менмін, – деп, асқақ жауап қатады.

Ақындардың бірден асқақ кетуі тек бірін-бірі ығыстырып үркіту, тұқырту ниетін көздемейді, олар сонымен қатар бір-бірінің аяқ алысына, сөз саптасына, өнерлілігіне барлау да жасау мақсатын көздеген. Сөз майданында тосын кездескен, бір-біріне танымал емес ақындардың мұндай барлау жасауы табиғи да.

Ақындар айтысының тағы бір ерекшелігі "ойында өрелік жоқ" дегендей, айтысқа үлкен де, кіші де, еркек те, әйел де қатынаса береді. Тек талант-дарыны болса, бәйгеге түсер шамасы болса болғаны. Майталман ақынның жарыста таныла бастаған балаң ақынмен, ұлғайған ақынның жас қыз, келіншекпен айтысуы, сөзбен сілкілесуі шам емес.

Сонымен қатар айтысып отырғанда, ақын өзінің жеңілгенін білу де айтыстың негізгі шартының бірі болып саналады. Сөзге сөз табу, орынды жерінде ұтымды сөз айту сияқты өзінің жеңілгендігін білу де жоғары бағаланады. Жеңілгеніне қарамай, құр босқа төпей беруді көпшілік дарындылық, ақындық деп танымайды. Мұндай қылықты қазақ айтысқыштық, ұтымшылық деп санамайды. Оны қазақ "сиыршылау" деп атайды. Шынайы ақын өзінің ұтылғанын білсе, бірден жеңілгенін мойындап, әрі қарай сөз таластырмайды.

Ауыз әдебиетінің басқа жанрларына қарағанда, айтыстың ерекшелігі – оған көптеген әйел ақындар қатынасқан. Қазақ ақындар айтысында талантымен танылып, бүкіл елге аты жайылған әйгілі ақындар аз емес. Сара мен Ырысжан, Ақбала мен Күнбала, Тоғжан мен Тәбия сияқты ақындар – топтан озған жүйріктер. Осындай аяулы өнер иелерін халық қатты ардақтаған.

Ақындар айтысының ендігі бір ерекшелігі – онда "Халық театрының анық, дәл ұрығы бар" (М.Әуезов), айтыс әсерлі болуы үшін ақындар домбыраның не сырнайдың, қобыздың сүйемелдеуімен, әнмен айтады. Театр актерлеріндей олар сан алуан құбылыс жасайды.

Тарихта аты мәлім қазақ ақындарының көпшілігі осы айтыс өлеңдерінде тәрбиеленіп өсті. Айтыс – ақындық тәрбие мектебі. Сөз сайысы үстінде оның ақындық өнері шыңдала береді. Ақындар шаршы топ алдында сарапқа, сынға түскендіктен, сөзінің мазмұны мен көркемдік жақтарына зер салады. Айтыс жырларындағы үздік образ, шешен сөздер осы айтыс үстінде туған.

Өлшеусіз талант әрі әнші екі саңлақтың шешен сөздері – өзінің көркемдік жағынан күні бүгінге дейін үлгі. Бұл айтыстың сөздері анықтық, тазалық, дәлдік жағынан болсын, көркемдік, сұлулық жағынан болсын қазақ поэзиясының төрінен орын алады.

Үздік теңеу, эпитет, жалпы троп пен фигураның бұл айтыстан небір шұрайлылары табылады:

Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес,

Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес, – деген жолдардағы эпитеттік метафоралар, "қырандай желді күнгі аспандаймын" деген жолдағы теңеу үздік образдар екені сөзсіз.

Біржан өзін де, біреуді де дәріптегенде, өте

шебер және көбірек қолданатын әдісі – метафора, әсіресе оның ұлғайған түрі.

Сол көркем сөз айшықтарын екі ақын да өз арман-мұраттарын, мұң-шерін айтып беру үшін шебер пайдалана білген. Біржан сөздеріндегі алуан түрлі эпитет, метафоралар, Сара сөзіндегі үздік теңеулер соны да көркем.

Біржан мен Сара айтыстарында ақындық көркем тілдің және бір түрі — ирония мен сарказмды шебер де ұтымды қолданған. Әсіресе айтыстың соңында Сараның Жиенқұлды шақыр деген жеріндегі сөз, сөйлем құрылысын алсақ, түгелдей ирония, сарказмға құрылады.

Көрінсін Біржан салға ай секілді,
Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді,
Ұсынса, қол жетпейтін арғымағым,
Біржанға баламаймын тай секілді...

Мұнда сөйлемнің сыртқы құрылысы көркем, асыра мақтау болса да, ішкі мазмұнында Жиенқұлдың шын суреті мен шын қасиеті бұл мақтауды жокқа шығарады да, оны иронияға (әжуаға) айналдырады. Мұнда сырт жағынан болса да мақтау бар. Ал екінші үзіндіде Сара Жиенқұлды ашық шенейді:

Қонжиып мінер Құла жорға барса,
Келе алмас ол шірігің қорғаласа,
Ол бізді шын масқара қылар сонда,
Қорс етіп бармаймын деп үйде қалса.

Алдыңғы үзіндіде ішкі мазмұнына сыртқы құрылысы керісінше келсе, соңғы үзіндіде өзінің барлық күйін ашық, улы сарказммен айтып, Жиенқұлды өлтіре сынайды. Сол арқылы өз басын малға сатып, сүймеген адамына бергелі отырған айналасына да назарылығын білдіреді.

Сөйтіп, "Біржан мен Сара" айтысының негізгі түйіні – әйелдің бас бостандығы. Өткен ғасырда екі саңлақтың үн қосып, әйелдің бас бостандығын жырға арқау етуі, ескі феодалдық салтқа қарсы шығуы өз дәуірі үшін прогресшіл идея еді.

Құрылысы, түрі жағынан алғанда, бұл айтыс – салт айтыстың ең биігі.

Тіл мен мәдениет - екі түрлі семиотикалық жүйеде танылғанымен, бір бірін толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе. Мәдениет – қоғамдық фактор, оның мәдени тұғырға көтерілуіне элеуметтік фактордың ықпалы зор. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші этносқа оның тілдік таңбалары арқылы баяндалады. Демек, кез келген ұлттық тілдің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың сан ғасырлық жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде орныққан мәдениетімен, ой танымымен тікелей байланысты. Көркем мәтін – ұлттық бітім-болмысты, ұлттық психологияны, ұлттың дүниетанымы мен оның өмір сүру тәжірибесін, ұлттық салт-дәстүр мен наным-сенімін таныстыратын біртұтас дүние. Көркем мәтін - ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі, айнасы. Сондықтан әрбір көркем шығарманың бойынан сол ұлт туралы материалдық та рухани да мәдениет негізін тануға болады.